

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің ұйымдарын басқаруды жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 24 наурыздағы N 256

Мемлекеттік ұйымдар жүйесін басқаруды жетілдіру, ұтымды ету және бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Заңдарда белгіленген тәртіппен мыналар:

1) қ о с у а р қ ы л ы :

М.Ж.Дулати атындағы Жамбыл университеті, Жамбыл технологиялық жеңіл және тамақ өнеркәсібі институты, Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті болып;

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті, Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік у н и в е р с и т е т і б о л ы п ;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті мен Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік у н и в е р с и т е т і б о л ы п ;

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институты, Оқу және әдістемелік әдебиет жөніндегі республикалық баспа кабинеті Ы.Алтынсарин атындағы Қ а з а қ б і л і м а к а д е м и я с ы б о л ы п ;

Гигиена және кәсіптік аурулар жөніндегі ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстан эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар жөніндегі ғылыми-зерттеу институты Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы болып;

Радиациялық медицина және экология жөніндегі ғылыми-зерттеу институты (Семей қаласы) мен Аймақтық емдеу-диагностика орталығы (Курчатов қаласы) Семей қаласындағы Радиациялық медицина және экология жөніндегі ғылыми-зерттеу институты б о л ы п қ а й т а құрылсын;

2) б ө л і п ш ы ғ а р у а р қ ы л ы :

құрамынан Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің жанындағы Білім берудің мемлекеттік стандарттары жөніндегі республикалық орталық бөліп шығарылып Білім берудегі жаңа технологиялар жөніндегі республикалық ғылыми-әдістемелік орталық;

құрамынан Атырау мұнай және газ институты бөліп шығарылып, Х.Досмұхамедов а т ы н д а ғы А т ы р а у у н и в е р с и т е т і ;

құрамынан Қазақстан Республикасының Білім және денсаулық сақтау министрлігі

Білім комитетінің жанындағы "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы бөліп шығарылып, Республикалық Оқушылар сарайы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті болып қайта а т а л с ы н .

3. Заңдарда белгіленген тәртіппен мыналар құрылсын: Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Мәдениет комитетінің жанындағы Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің жанындағы білім беруді информатикаландырудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Туризм және спорт комитетінің жанындағы Спорт резервін дайындау жөніндегі республикалық оқыту-жаттықтыру орталығы;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Туризм және спорт комитетінің жанындағы Спортшылардың допингке қарсы республикалық зертханасы;

Ақмола облысының Қаражар поселкесінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің биостанциясы.

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығының;

Республикалық емхананың;

Қазақтың кардиология ғылыми-зерттеу институтының;

Б.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығының;

Қазақтың өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институтының;

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының;

Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының;

Н.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми-зерттеу орталығының;

Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институтының;

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының;

Ескерту. 4-тармақа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.11.10. N 1678 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі:

2 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің базасын дамыту жөнінде ұсыныс және тиісті шешімнің ж о б а с ы н е н г і з с і н ;

заңдарда белгіленген тәртіппен:
N 1 жөндеу-құрылыс басқармасын;
Республикалық мәдениет проблемалары ғылыми орталығын;
Білім берудегі жаңа технологиялар республикалық
ғылыми-әдістемелік орталығын;

Республикалық дене тәрбиесі және спорт басқармасын таратсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің қарауына республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын етіп:

"Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы;

Отырар мемлекеттік археологиялық қорығы;

"Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы;

Абай атындағы "Жидебай-Бөрі" мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы;

Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы;

"Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорығы;

"Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы берілсін.

7. Жану проблемалары ғылыми-зерттеу институты Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қарауына берілсін.

8. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі осы қаулыда көрсетілген шараларды 1998 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асыратын болсын.

9. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

10. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 113 қаулысы;

"Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1244 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 36, 346-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 5 6 Қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Ескерту. Өзгерістер мен толықтырулар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК